ТҮПНҰСҚА
ОРИГИНАЛ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ
АТЫРАУ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ
АТЫРАУ ҚАЛАСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ БАСҚАРМАСЫ
ЗАҢДЫ ТҰЛҒА 2007 ж. «05» 10
МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЙТА ТІРКЕУДЕН ӨТКІЗІЛДІ
№1133-1915-01-АҚ/ШБ/ КҮӘЛІК
АЛҒАШҚЫ ТІРКЕЛГЕН КҮНІ
1997 ж. «22» 01

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ
АТЫРАУ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ
АТЫРАУ ҚАЛАСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ БАСҚАРМАСЫ
2007 ж. «05» 10 ЖҰРГІЗ
97014000012 БИЗНЕС-СӘЙКЕСТЕНДІ
НӨМІР (БСН) БЕРІЛДІ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ
АТЫРАУ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ
АТЫРАУ ҚАЛАСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ БАСҚАРМАСЫ
2012 ж. «07» 12
ЖАРҒЫҒА (ЕРЕЖЕГЕ) ЕНГІЗІЛГЕН
ӨЗГЕРТУЛЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР ТІРКЕЛДІ
№ 1133-1915-01-АҚ/ШБ/ КҮӘЛІК
АЛҒАШҚЫ ТІРКЕЛГЕН КҮНІ
1997 ж. «22» 01

«Каспий нефть» акционерлік қоғамының жалғыз акционерінің «15» қараша 2012 ж. шешімімен бекітілген

«Каспий нефть»
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ
ЖАРҒЫСЫ

Келесі бетке қара
Смотри на обороте

ТҮПНҰСҚА
ОРИГИНАЛ

1. Жалпы ереже

1. Осы «Каспий нефть» акционерлік қоғамының (бұдан әрі - Қоғам) жарғысы оның атауын, орналасқан жерін, қалыптасу тәртібін және оның органдарының уәкілеттілігін, қайта құрылымдау шарттарын және Қазақстан Республикасының заңнамаларына қайшы келмейтін жұмысын толық тоқтату ережелерін анықтайды.

2. Қоғамның толық атауы:

1) мемлекеттік тілде «Каспий нефть» акционерлік қоғамы;

2) орыс тілінде - акционерное общество «Каспий нефть»;

3) ағылшын тілінде – «Caspiy neft» Joint Stock Company.

3. Қоғамның қысқартылған атауы:

1) мемлекеттік тілде – «Каспий нефть» АҚ;

2) орыс тілінде - АО «Каспий нефть»;

3) ағылшын тілінде - «Caspiy neft» JSC.

4. Қоғамның атқарушы органы орналасқан жер: - Қазақстан Республикасы, Атырау облысы, 060011, Атырау қаласы, Құлманов көшесі, үй. 131 А.

2.Қоғамның заңды мәртебесі

5. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес, заңды тұлға болып табылады және де өзінің жеке теңгерімі, банктік шоттары бар, өзінің атынан жеке мүліктік немесе мүліктік емес құқықтарды жүргізе алатын, сотта арызданушы және жауап беруші бола алады.

6. Қоғам өзінің қызметтерін жүргізу барысында жеке мөр мен басқа да реквизиттік атауларды пайдалана алады.

7. Қоғам өзінің қызметтерін жүзеге асыру барысында Конституцияны, Азаматтық Кодексті «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының заңын (бұдан әрі - Заң) және де басқа ҚР заңнамалық актілері мен осы Жарғыны басшылыққа алады.

8. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамаларында бекітілген тәртіпке сәйес заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарына қатысуға құқылы.

9. Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде қарастырылған тәртіпте Қоғам өзінің орналасқан жерінен тыс аймақтарда, директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген Ереженің негіздерінде Қоғамның тапсырмаса бойынша және оның атынан қызметтер жүргізетін, заңды тұлға болып табылмайтын филиалдарын (өкілдіктерін) құруға құқылы.

10. Филиалдар мен өкілдіктердің басшылары лауазымдық қызметке директорлар кеңесінің шешімен тағайындалады және жұмыстан босатылады.

3. Қоғамның жауапкершілігі және жалғыз акционер

11. Қоғам мүліктік шегіндегі өзінің міндеттері бойынша жауапкершілік алады.

12. Қоғам өзінің жалғыз акционерінің міндеттері бойынша жауапкершілік алмайды. Жалғыз акционер акционердің міндеттеріне және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде қарастырылған жағдайлардан бөлек, өзіне тиісті акциялар құны шегінде, Қоғамның қызметтерімен байланысты тәуекел шығындарына жауап бермейді.

4. Қоғамның негізгі қызмет түрлері

13. Қоғамның негізгі қызмет түрлері мыналар:

1) геологиялық барлауды, зерттеу, қабылдау, сынақтан өткізу және алғашқы пайдадан өткізу, мұнай, газ және газконденсаттары кен орындарында зерттеу жұмыстарын жүргізу; қысымның қатарлануын қолдау (ҚҚҚ), байыту, жинау, мұнай мен ішкі өнеркәсіптік тасымалдау; мұнайды дайындау, мұнай мен газды өңдеу, шикізатты жүзеге асыру және

Келесі бетке қара
Смотри на обороте

ТҮПНҰСҚА
ОРИГИНАЛ

өнімдерді шығаруы, оның ішінде әртүрлі маркадағы мұнай және химия өнімдерін, газ, бензин, ваккумды газойл, мазут, гудрона, битум, мұнайлы кокса, этан, этилен, әртүрлі маркадағы полиэтилен, пропан, пропилен, полипропилен, бензол, бутена-1, этилбензол, стирол, әртүрлі маркадағы полистирола, авиациялық және жарықтандырылған керосин және басқа да мұнаймен өңделетін өнімдер мен мұнай химиясы;

2) құрылымдық, параметрлік, іздейтін, барлайтын бұрғылаулар және газ, су және мұнайда ұңғымаларды пайдалану, оларды консервациялау және жою;

3) мұнай және газ кен орындарын орналастыру;

4) кен орындарын (мұнай және газ) меңгеру және сынақтан өткізу және баспа ұңғымалары;

5) кешенді гидродинамикалық зерттеулер және мұнай, газ және су ұңғымаларын тестілеу;

6) геофизикалық зерттеу кешендері және өнімді перфорациялы қабаттарды ашу;

7) ұңғыманың қабытталған аумағына химиялық және физикалық әдістерді қолдана отырып мұнай беруді қабаттауды көтеру бойынша жұмыстар жүргізу (қабатты гидро-ажырату, газо-динамиткалық ажырату қабаттың ажырау, термо-баро-химиялық өңдеу, химиялық реагенттердің шығуы, қышқыл, эмульсионно-қышқылды әрекет, су – көмір – оттегі эмульсиясы және басқалар);

8) топографо-маркшейдерлік жұмыстарды жүргізу;

9) мұнай, газ, су және олардың түрлерінің физикалық- химиялық қасиеттерін анықтау бойынша зертханалық жұмыстар;

10) кен орындар аумағында гидродинамикалық, сейсмикалық бақылау бойынша жұмыстар жүргізу;

11) көлделенді су сорғысынан ластанудың бірінші типін және оның деңгейін анықтауды, оған мониторинг жүргізу;

12) мұнайгаз өндірістерінде пайдаланылатын ұңғымаларды, екінші кесу діңгектерін ағымдағы және күрделі жөндеуден өткізу,

13) көмірсутек қоспаларын, пеш жанармайларын және басқа да газдан өңделетін өнімдерді өңдеу;

14) мұнай шығаруды сәйкестендіру;

15) мұнай, мұнай өнімдерін, газды өңдейтін өнімдерді және газдан жасалған оттегілерді сертификаттық сынақтан өткізуді жүргізу;

16) мұнараны монтаждау жұмыстарын жүргізу;

17) техникалық құралдану, жаңару және өнімнің тиімділігін арттыру үшін өндірістік қуаттылықты қайта құрылымдау және мұнайды пайдалану,

18) жабдықтардың техникалық тұрақты жаңа түрлерін енгізу бойынша жұмыстарды ұйымдастыру, түсіру-реттеулерді, химия және мұнайгаз өңдеу, мұнайгаз тасымалдау, мұнайгаз шығару нысындарында шеф-монтаждық жұмыстарды жүргізу;

19) мұнай шығару мен оны кен қойнауынан алудағы маңызды деген проблемаларды шешу бойынша мұнай шығаратын жабдықтардың конструкторлық-техникалық құжаттарын әзірлеу;

20) мұнай шығаратын, бұрғылау жабдықтарын және тасымалдауға қажет болатын құралдарды, олардың қосалқы бөлшектерін жеке қажеттіліктерін үшін күрделі жөндеуден өткізу, дайындау;

21) өнеркәсіптік жарылғыш өндірістерді пайдалану, қысым үстінде жұмыс істейтін құбырлар мен құбыршаларды пайдалану және жөндеу;

22) технологиялық мұнайгаз қызметтерінде қолданылатын жабдықтарды пайдалану бойынша барлық жұмыс түрлерін монтаждау;

23) дәнекерлеу-монтаждау конструкцияларын дайындау (оның ішінде салмақ түсетін), олардың ақауларын анықтау және сынақтан өткізу және ЖСҚ әзірлеу;

Келесі бетке қара
Смотри на обороте

ТҮПНҰСҚА
ОРИГИНАЛ

24) техникалық қадағалау органдарында тіркелмеген жабдықтардың паспортында жөндеу түрлері туралы ақпараттар енгізілген жөндеуден кейін жабдықтарды пайдалану мерзімін ұзартуда жұмыстар жүргізу;

25) газды беретін пешті, құбырларды, сонымен бірге тығынды арматура мен қысымды реттегішті жөндеу, монтаждау және пайдалану;

26) газды жабдықтарға техникалық қызмет көрсету және алдын-ала жоспарлы жөндеу жүргізу;

27) темір соғатын цехтарды, автокөлікті газды баллондарды орнату, машина мен жүк көтергіш механизмдерді, газ тасымалдауларды, газ өндіру жабдықтарын, қысымның үстінде жұмыс істейтін резервуарларды, өткізгіштер мен қазандықтарды және пештерді сынақтан өткізу, салу және жөндеу;

28) мұнай кен орындарының экологиялық жағдайларын жақсарту бойынша барлық кешенді жұмыстарды орындау;

29) мазутталған груттарды (аумақтар), мұнай шламдары, мұнайды бөлу және қамбаларды жою, өңдеу , пайдаға асыру, жинау және топырақ құнарлылығын қалпына келтіру;

30) қоршаған ортаға мониторин, зертханаоық зерттеу жасау және заттарға химиялық талдау жасау;

31) ұңғымалар мен құбырларды, жабдықтарды депарафинизациялау бойынша жұмыстар жүргізу;

32) мұнай шығарудың техникалық процесін химизациялау бойынша жұмыстарды орындау;

33) жабдықтарға, желілер мен химизациялау нысандарына күрделі жөндеу жүргізу, экологиялық шаралар, түсіру-реттеу жұмыстарын жасау;

34) реангеттерді, химиялық материалдарды (оның ішінде өртке қауіпті және уытты) сақтау және қабылдау, оларды тасымалдау және қолдану;

35) электро қондырғыларды техникалық пайдалану, беру, бөлу, тасымалдау және электр энергиясын сату;

36) электро механикалық жабдықтарды жөндеу және теникалық қызмет көрсету, бақылау-өлшеу құрылғыларын және автоматиканы КИПиА), байланыс құралдарын монтаждау;

37) кернеулігі 1000 (мың) В, 35 (отыз бес) кВ дейін және одан жоғары электро жабдықтар мен электр желілерін реттеу және монтаждау;

38) жарылғыш заттарды, жарылғыш құралдарды және ионизацияланған сәулелену көздері құралдарын (радиоактивті заттар) пайдалану, тасымалдау және сақтау, оларды қалыптасқан ережеге сәйкес импорттау;

39) жүк көтергіш механизмдерді, жер қазғыш машиналарды, автокөлік құралдары мен арнайы техникаларды пайдалану;

40) жолаушылар және жүк, әуе, темір жол, кеме, автокөлік тасымалдарын жүзеге асыру;

41) сәулет және қала құрылысы, жол құрылысы, құрылыс, темір жол, электр беру желілері, жалпы құрылыстық-монтаждық салаларында әлеуметтік, өндірістік (оның ішінде кен орындарын жайлы ету), тұрғын үй нысандарын автожолдарды жөндеуді жобалау, зерттеу;

42) мұнай,газ және газ конденсатциясы кен орындарын жасауға қатысты нысандарды жобалау және барлау, олардың құрылысын жүргізу және күрделі жөндеу жасау;

43) өндірістік, тұрғын үй, әлеуметтік мәдени тұрмыстық нысандардың коммуникациялық желілерін (оның ішінде сумен және газбен жабдықтау) жөндеу және олардың құрылысын жүргізу;

44) жобалау, әзірлеу, дайындау, монтаждау, реттеу, пайдалану, жөндеу, құралдарға, техникалық аппараттарға, кибернетикалық техникалық жүйенің жабдықтарына техникалық қызмет көрсету, автоматикалық бақылау және басқару, электроника,

Келесі бетке қара
Смотри на обороте

ТҮПНҰСҚА
ОРИГИНАЛ

есептеуіш техникалары және ақпараттық жүйе, байланыс қызметтері мен телекоммуникация;

45) аппараттарды жөндеу және монтаждау, және бақылау жүйесі, өрттен қорғану, автоматика және дабыл белгілері, көтергіштер, сонымен бірге қысым үстінде жұмыс істейтін өткізгіштер, қазандықтар және құбырлар;

46) иондалған сәулелену көздерін кәдеге жарату және тасымалдау, техникалық қызмет көрсету, сақтау, пайдалану;

47) Қоғамның ақпараттық қауіпсіздігі мен ақпараттық технологиясы, телекоммуникациясы құралдарының үздіксіз жұмыстарын ұйымдастыру;

48) метрологиялық сынау және өлшегіш құрылғыларды тексеру, өлшеу құралдар жүйесі;

49) байланыс және телекоммуникация, ақпараттық технология, автоматтандыру салаларына озық үлгідегі техникаларды, жаңа технологияларды енгізу;

50) су тоғандарында, жабдықтар мен су қоймаларында татқа қарсы шараларды жүзеге асыру,;

51) су тоғандарын (оның ішінде жоғары ағындылық) сорғылар мен су қоймаларын, есептеу құралдарын және басқа да жабдықтарды сынау, реттеу, ақаулығын анықтау, жөндеу қызмет крсету, монтаждау;

52) мұнайды шығаруды және пайдаланудың тиімділігін қамтамасыз ету, оның ішінде техникалық қайта құралдануды дамыту және өндірістік қуаттылықты қайта құрылымдау, геологиялық барлау және зерттеу жұмыстары есебінде дамыту;

53) Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес ішкі экономикалық мына қызметтер: тауар мен қызмет импорты мен экспорты бойынша операцияларды, бағалы қағаздармен операцияларды жүзеге асыру, өзара пайдалы ішкі экономикалық байланыстарды, шетел фирмаларымен сауда-экономикалық және ғылыми-техникалық және басқа да Қазақстан Республикасының заңнамаларына қайшы келмейтін басқа да мақсаттарда байланыстар орнату;

54) қызметкерлердің кәсіби біліктілігін көтеру, олардыдайындау, қайта дайындықтан өткізу;

55) мұнай, газ және мұнай өнімдерін т.б. жүзеге асыру, сақтау, сатып алу;

14. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамалары тыйым салмайтын басқа да қызмет түрлерін жүргізе алады.

5. Қоғамның жалғыз акционерінің міндеттері мен құқықтары

15. Қоғамның жалғыз акционері құқылы:

1) Заңда және (немесе) осы Жарғыда қарастырылған тәртіпте Қоғамды басқаруға қатысуға;

2) дивидендтерді алуға;

3) Қоғамның қызметтері туралы ақпараттарды, оның ішінде Жалғыз акционер немесе Осы Жарғы анықтап беретін тәртіпте қоғамның қаржылық есептілігін алуға;

4) оның Қоғамның бағалы қағаздарындағы меншіктік құқығын растайтын номиналды акция иесінен немесе Қоғамды тіркеушіден үзінді алуға;

5) Қоғамның директорлар кеңесі мүшесін сайлауға;

6) Қоғамның органдары қабылдаған шешімдермен соттық тәртіпте таласуға;

7) сот органдарына өз атынан, Заңда қарастырылған мына жағдайларда, егер лауазымды тұлға Қоғамға қандайда бір ірі келісімшарттардан қандайда бір шығын әкелсе және /немесе олардың үлестік тұлғасы табыс (пайда) тапса және оған мүдделі болса шағымдана алады;

8) қоғамға өтініш түскен күннен бастап отыз күнтізбелік күн ішінде толық жауап алуға және оның қызметтері туралы жазбаша жауаппен Қоғамға баруға;

9) Қоғам жұмысын толық тоқтатқан кезде мүліктің жартысына;

Келесі бетке қара
Смотри на обороте

ТҮПНҰСҚА
ОРИГИНАЛ

10) Қоғамның мүліктің акцияларын немесе басқа да бағалы қағаздарын, Қазақстан Республикасының заңнамаларында белгіленген конвертелген оның акциясын иеленуге;

11) Заңға сәйкес директорлар кеңесі қарауына күн тәртібіне қосымша мәселелерді қосуға;

12) Директорлар кеңесі отырысын шақыртуды талап етуге;

13) өз есебінен қоғамға аудиторлық ұйымның аудит жүргізуін талап етуге;

14) Қазақстан Республикасы заңнамасымен Жалғыз акционер ұсынған басқа да құқықтар;

16. Қоғамның жалғыз акционері міндетті:

1) акцияларды төлеуге;

2) он күн ішінде қоғам тіркеушісін және акцияның номиналды иелеріне, қоғам акция иелерін тіркеу жүйесін енгізуге арналған қажетті Жалғыз акционерге тиселі мәліметтердің өзгергендігі туралы хабарлауға;

3) қызметтік, коммерциялық немесе басқа да заңмен қорғалатын қоғам және оның қызметтері туралы ақпараттарды таратпауға;

4) Қазақстан Республикасы заңнамалық актілеріне сәйкес басқа міндеттерді орындау.

6. Қоғамның мүлкі

17. Қоғамның мүлкі мыналардың есебінен құрылымдалады:

1) Қоғам акцияларын төлеуге акционерлер берген мүліктер;

2) оның қызметтері нәтижесінде алынған кірістер;

3) Қазақстан Республикасы заңнамалары тыйым салмайтын иелік ету негізіндегі басқа да мүліктер.

7. Қоғамның ірі келісімдері

18. Қоғамның ірі мәмлелері мына болып саналады:

1) Қоғамның активті құны теңгерімінің жалпы көлемінен жиырма бес және одан көп пайыз құрайтын мүлік құны өзара мәміле жасау немесе мәміле арасындағы келісімдердің арасында иелікке алынады немесе иесіздендіреді (иелік етілу немесе иесіздендірілу мүмкін);

2) бір түрді бағалы қағаздардың орналасқан жалпы санынан жиырма бес және одан көп пайыз құрайтын мүлік құны өзара келісім жасау немесе мәміле арасындағы келісімдердің арасында орналастырылған бағалы қағаздары сатып алынды немесе қоғамның сатып алған бағалы қағаздары сатылып кетті;

3) жер телімдері немесе (және) қоғамның жылжымайтын мүліктерін иесіздендіру, тура және жанама иесіздендірумен байланысты мәмлелер бір-бірімен байланысты келісімдер жинағы немесе (қоғамның шаруашылық қызметтерімен байланысты мәмлелер) мәмлелер;

4) жалпы соммасы 100 000 000 (жүз миллион) теңгеден көп жалпы мерзімі 12 (он екі) күнтізбелік айдан аспайтын келісімдер;

5) банктегі ақшаға тәуелділік бойынша келісімдер;

6) банктік емес, үшінші тұлғадан алынған ақшаға (қаржылық көмек, несие, қарызды қоскаңда) тәуелділік бойынша келісімдер;

7) кез келген үшінші тұлғаның пайдалануына берілген қарыздарды (шектеусіз несиелер мен қаржылық көмектерді қоскаңда) беру бойынша келісімдар.

19. Өзара байланыс мыналарды таниды:

1) бірдей және сол мүлікті иелену немесе иесіздендіруге қатысты үлестес топ пен тұлға арасында бір тұғамен бірнеше рет жасалған келісімдер;

2) өзара байланыстары бар бір немесе бірнеше келісі шарттармен рәсімделген келісімдер;

Келесі бетке қара
Смотри на обороте

ТҮПНҰСҚА
ОРИГИНАЛ

3) Жалғыз акционер немесе осы Жарғы арасындағы өзара байланыс ретінде танылған басқа да келісімдер.

8. Акция, облигация. Бағалы қағаздарды орналастыру шарттары

20. Қоғам қарапайым акцияларды сатып алуға құқылы. Акция құжатсыз формада сатылып алынады. Қоғам артықшылықты акцияларға құқылы емес. Егер Қоғамның өкілетті органдары артықшылықты акцияарды шығару және орналастыру туралы шешім қабылдаған жағдайда, онда Қоғамның артықшылықты акцияларға куәлік етуі үшін куәлік етуге құқық беретін осы Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі қажет.

21.Қарапайым акция акционерге Заңда көрсетілген құқықтарды береді.

22. Акция айналымы, оны шығару тәртібі мен шарттары Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы мен акцияларды шығару проспектілерімен реттеледі.

23. Қоғам конверттелген бағалы қағаздарды шығаруға құқылы.

24. Қосымша қаражаттарын тарту үшін Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес облигацияларды шығаруға құқылы.

Облигация айналымы, орналыстыру шығару шарттары мен тәртіптері, валюталық сыйақылары, облигацияларды төлеу, оларды жүзеге асыру үшін қаражаттарды пайдалану Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы мен акцияларды шығару проспектілерімен реттеледі.

9. Таза табысты бөлу тәртіптері. Акциялар бойынша дивидендтер

25. Қоғамның таза табысы (салық және басқа да бюджетке төленетін міндетті төлемдер) қоғамның басқаруында болады және оны Жалғыз акционердің шешімімен арнайы тәртіпте, оның ішінде дивидеттерді төлеумен жүзеге асырылады. Ал қалған қаражаттар қоғамның дамуына жән Жалғыз акционердің шешімі бойынша басқа мақсаттарда қолданылады.

26. Қоғамның қарапайым акциялары бойынша дивидент төлеу шаралары қоғамның жылдық/тоқсандық/жарты жылдық қорытындылары бойынша жүзеге асырылады. Жалғыз акциоонер жыл қорытындысы бойынша қарапайым акциялардың дивидеттерді төлеудің мақсаттылығы жөнінде шешім қабылдауға міндетті.

Таза табыстарды төлу және акциялар бойынша дивидеттерді төлеуге қатысты басқа да мәселелер Қазақстан Республикасының заңамасымен реттеледі.

10. Қоғам органдары

27. Қоғамның органдары мыналар болып табылады:

1) жоғары орган – Жалғыз акционер;

2) басқарушы орган – Директорлар кеңесі;

3) атқарушы орган – Бас директор.

11. Жалғыз акционер

28. Қоғамда ационерлердің жалпы жиналысы өткізілмейді, ал Заң мен осы Жарғыға қатысты акционерлердің жалпы жиналысы құзіретіне кіретін басқа да мәселелерді Жалғыз акционер жалғыз өзі қабылдауға және оны жазбаша формада рәсімдеуге құқылы.

Келесі бетке қара
Смотри на обороте

ТҮПНҰСҚА
ОРИГИНАЛ

29. Жалғыз акционердің ерекше өкілеттілігіне мына мәселелер кіреді:

1) Қоғамның жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе оның жаңа редакциясын бекіту;

2) Қоғамдық корпоративтік басқару кодексін, сонымен бірге оған енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды бекіту;

3) өз еркімен Қоғамның жұмысын тоқтату және Қоғамды қайта құрылымдау;

4) Қоғамның жарияланған акциялары санын ұлғайту жөніндегі шешімдер қабылдау немесе қоғамның орналастырылмаған жарияланған акцияларын өзгерту;

5) Қоғамның бағалы қағаздарын конвертирлеу тәртібі мен шарттарын анықтау, сонымен бірге оған енгізілген өзгерістерді;

6) Қоғамның қарапайым акцияларын конвертирлеу, бағалы қағаздарын шығару туралы шешім қабылдау;

7) акциялардың басқа түрінен ауысып орналасуын жөнінде шешім қабылдау және мұндай айырбас шарттарын анықтау;

8) Директорлар кеңесінің құрамы, олардың өкілеттілік мерзімі, төрағасын сайлау және оларды мерзімінен жұмыстан босатуды анықтау, сонымен бірге өтемақылар мен сыйақылардың төлеу мерзімін және олардың көлемін анықтау, директорлар кеңесінің шығандары мен міндеттерін белгілеу;

9) Қоғамның директорлар кеңесі туралы ережені бекіту;

10) Қоғамның аудиттік жұмыстарын жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды анықтау;

11) жылдық/тоқсандық/жарты жылдық қаржылық есептіліктерді бекіту;

12) жылдық/тоқсандық/жарты жылдық қаржылық есептіліктердегі қоғамның таза табыстарын бөлеу тәртіптерін бекіту, қарайым акциялар бойынша дивидет төлеу және жылдық/тоқсандық/жарты жылдық қаржылық есептілік қызметтерін негізгі нәтижелері бойынша шешімдер қабылдау;

13) Заңнамада қарастырылған тәртіпте қоғамның акциялары бойынша дивидеттерді төлемеу туралы шешім қабылдауға;

14) Қоғамның ерікті листинг немесе делистинг акциялары бойынша шешімдер қабылдау;

15) Қоғамның заңды мекеме болып қатысуы және олардың қатысушылар құрамына қабылдауыу және басқа да заңды жолмен қоғам акцияларына тиселі жиырма бес және одан көп пайызды құрайтын суммада бір немесе бірнеше акция бөліктерін беру туралы шешім қабылдау;

16) Заңнамаға сәйкес ұйымдастырылмаған нарықта қоғамның акцияларын сатып алу кезіндегі акция құнын анықтау әдістерін бекіту;

17) Қоғамның қызметтері туралы Жалғыз акционерге берілетін ақпараттар тәртіптерін анықтау;

18) «алтын акция» енгізу және тоқтату;

19) орналастыру (жүзеге асыру) туралы шешім қабылдау, оның ішінде жарияланған акциялардың саны шегінде акцияларды сандық орналастыру, оларды орналастыру бағасы мен тәсілі;

20) орналастырылған акциялара және оларды сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау;

21) Қоғамның жиырма және одан көп пайызды құрайтын меншікті капиталындағы міндеттерді жоғарлату жөніндегі шешімдер қабылдау;

22) ұжымдық келісімдерді бекіту;

23) Қоғамның басқарушылық саясатын бекіту, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу, оның жаңа редакциясы мақұлдау;

24) Жалғыз акционердің өкілеттілігіне кіретін осы Жарғы мен қолданыстағы Заңнамада қарастырылған басқа да мәселелерді шешу.

30. Қоғамның Жалғыз акционері жыл сайын бес ай ішінде қаржылық жыл аяқталғаннан кейін акционерлердің жалпы жиналысы өкілеттілігіне қатысты мәселелер

Келесі бетке қара
Смотри на обороте

ТҮПНҰСҚА
ОРИГИНАЛ

бойынша шешім қабылдауға міндетті. Көрсетілген мерзім үш айға дейін ұзартылған болып есептеледі егер аудиторлар тексерістерін қаржылық жыл бойынша бітіре алмаған жағдайларда.

31. Акционерлердің жалпы жиналасына қатысты мәселелерді дайынау жұмыстарын, сонымен бірге қоғамды тіркеу, соған сәйкес келісімшарттар жасау, директорлар кеңесі, қоғамның жұмысын тоқтату комиссиясымен келісімдерді Қоғамның Жалғыз акционерінің шешімімен бас директор жүргізу мүмкін;

32. Қоғамның бас директоры бастамасымен акционерлердің жалпы жиналысы өкілеттілігіне кіретін мәселелерді Қоғамның жалғыз акционерлері қарауына ұсыну.

33. Шығындар туралы мәселелерді Жалғыз акционер қарамайды және ол үшін ол жауакершілік алмайды, тек Заңда қарастырылған жағдайларда ғана.

34. Қоғамның жалғыз акционеріне ұсынылатын материалдарда Жалғыз акционердің қарайында болған мәселелер мен шешімдерді қабылдай отырып қабылданған шешімдер болуы шарт. Жалғыз акционердің қарауына Заңнамалық тәртіптерге сәйкес бекітілген мәселелер бойынша қоғамның шешімдері кіреді.

35. Жалғыз акционердің шығарған шешімдері Корпоративтің хатшылығында және бас директорда, кез келген уақытта қол жетімді болуы үшін арнайы жерде сақталуы шарт. Жалғыз акционердің талабы бойынша оған Жалғыз акционерге шешімдердің көшірмелері беріледі.

12. Директорлар кеңесі

36. Қоғамның Жалғыз акционерінің өкіліттілігінен басқа осы Жарғы мен Заң аясындағы басқа да Қоғамның жұмыстарына қатысты қызметтерге Қоғамның директорлар кеңесі жетекшілік жасайды.

37. Директорлар кеңесі қоғамның басқарушылық саясаты ережесі мен Жалғыз акционердің бекіткен ережелері сәйкес қоғамның қызметтеріне жетекшілік жасайды.

38. Директорлар кеңесінің өкілеттіліне мына мәселелер кіреді:

1) Қоғамның басымдылық бағыттарын анықтау, қоғамның даму жоспарын, бизнес жоспарын бекіту, Бас директордың берген есептерін бекіту;

2) Қоғамның орналастырылған бағалы қағаздарын және оларды сатып алу жөніндегі шешімдер қабылдау;

3) Қоғамның жылдық/тоқсандық/жарты жылдық қаржылық есептерін алдын ала бекіту;

4) Қоғамның бағалы қағаздарын шығару және облигацияларды шығару шартарын анықтау, сонымен бірге оларды сатып алу шешімдерін қабылдау;

5) өкілеттілік мерзімін анықтау және тандау, сонымен бірге Қоғамның бас директорын қызметін уақытынан бұрын тоқтату; Қоғам атынан еңбек келісімдерін жасау, Директор мен Қоғам арасындағы еңбек шарттарын реттеу;

6) Қоғамның бас директорына сыйақы беру және қызметтік штаттарды және олардың қаржылық көлемін анықтау;

7) Қаржы директорының өкілеттілік мерзімін, тағайындау және оның өкілеттілік мерзімінен бұрын тоқтату, жалақы көлемін анықтау және Қаржы директорына сыйақы төлеу шарттарын анықтау;

8) Құрам сандарын, ішкі аудит қызметінің өкілдік мерзімін, олардыгң басшыларын тағайындауды, сонымен бірге ішкі аудиттің қызметтерін анықтау, олардың өкілеттіліктерін тоқтату, ішкі аудит қызметтеріннде жұмыс істейтін қызметкерлердің жалақыпы және оларға сыйақы беру мөлшерін анықтау;

9) корпоративті хатшының тағайындалуын, өкілеттілік мерзімін, оның өкілеттілігін тоқтату, сонымен қатар қызметтік еңбекақы мөлшері мен корпоративті хатшы ретіндегі сыйақы шарттарын анықтау;

Келесі бетке қара
Смотри на обороте

ТҮПНҰСҚА
ОРИГИНАЛ

10) Қоғамның жоғары лауазымды орнына кандидаттарды ұсыну, Бас директор (бас есепшінің, бас директордың орынбасарларын) ретінде ұсынылатын кандидаттардан бас директорға (Қаржы директорын есептемегенде) жауапты тұлғаны ұсыну;

11) қаржылық есеп берушілік аудиті үшін аудиторлық ұйымдастырушылық қызметінің еңбекақы мөлшерін анықтау, сонымен қатар ірі мәміле нысаны болып табылатын ұйымның акциясын өтеуге берілген мүліктің нарықтағы құнын бағалаушы қызметінің еңбекақы мөлшерін анықтау;

12) Қоғамның ішкі қызметтерін (ұйымның қызметін ұйымдастыру мақсатындағы Бас директор қабылдаған құжаттардан басқа) реттеуге арналған құжаттарды, соның ішінде аукциондар мен ұйымның бағалы қағаздарына қол қою тәртібін орнататын ішкі құжаттарды бекіту;

13) Қоғамның филиалдары мен өкілдіктерін ашу мен жабу туралы шешімдер қабылдау мен олар туралы ережені бекіту;

14) ұйымдық ондық пен одан да коп акция (жарғы капиталындағы қатысу үлесі) пайызын өзге заңды тұлғалардан қабылдау (қайтару) туралы шешімді қабылдау;

15) заңды тұлғалар акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысына қатысты қызмет мәселелері, атап айтқанда акцияның (жарғы капиталындағы қатысу үлесі) он және одан да көп пайызына қатысты шешімдер қабылдау;

16) меншік капиталының он не одан да көп пайызынан тұратын Қоғам кеңістігін ұлғайтуға арналған міндеттерді бекіту;

17) қызметтік, сауда-саттық және басқа да құпиялылық заңы арқылы қорғалатын ұйым не оның қызметі туралы ақпаратты анықтау;

18) Қоғам қызығушылық танытып отырған ірі мәмілелер мен мәмілелерді бекіту, ол үшін Директорлар Кеңесі туралы ережеге сәйкес жүзеге асырылатын шешімдерді қабылдау, Қазақстан Республикасының заңнамалары негіздерінде тендерлік ұйғарымдар, Қоғам Жарғысының 18.4 тармағында көрсетілген келісімдер кезіндегі шешімді қабылдау;

19) Қоғамның өзі мүдделілік танытып отырған келісімдерді жасау шешімдер қабылдау ол үшін

Бұл жағдайда аталған заңның 71 бабының 1 пунктінде көрсетілген тұлғалар, міндетті түрде жазбаша, өз уақытында Директорлар кеңесіне Заңның 72 бабында көрсетілгеніндей ақпаратты беруі тиіс;

20) Жалғыз акционердің карауына Қоғамның таза табысын бөлу туралы ұсыныс енгізу;

21) Директорлар кеңесі комитетін құру туралы шешім қабылдау, олардың қалыптасуы мен жұмыс тәртібін анықтау, Директорлар кеңесі комитетіне мүшелер сайлау, Директорлар кеңесі комитетінің құзіреттілігін анықтау, олар туралы ережелерді бекіту;

22) Қоғамға басқа да заңды тұлғалардың мүше болу қызметтері немесе олардың қатысушылар (акционерлер) құрамынан қоғамға тиесілі барлық активтердің оннан жиырма пайызға дейін тұратын активтерінің бірнеше бөлігін алу (жіберу) арқылы шығу қызметтері туралы шешім қабылдау;

23) Қоғамның жыл сайынғы қаржылық және (немесе) шаруашылық қызметтері туралы жоспарларын бекіту, оларға толықтырулар және (немесе) өзгертулер енгізіп бекіту;

24) Қоғамға тиесілі мүлік кепілдіктері туралы шешімді қабылдау, Қоғамға және Қоғамға берілетін кепілдемелер мен міндеттемелер;

25) Қоғамның векселдерді шығаруын құптау;

26) Қоғамның уақытша бос ақшаларын орналастыру шарттары мен реттеу тәртібі туралы ережелерді бекіту;

27) Қоғам қызметінің нақты көрсеткіштерін бекіту;

28) Қоғам филиалдарында, өкілдіктерінде, еншілес қоғамдарда, тәуелді және үлестес мекемелерде қызметкерлерді жұмысқа қабылдау бойынша қызмет тізімдерін бекіту тек

Келесі бетке қара
Смотри на обороте

ТҮПНҰСҚА
ОРИГИНАЛ

Қоғамның директорлар кеңесі (тірек позиция) мақұлдағаннан кейін ғана жүзеге асырылады;

29) Қызметтік іс сапарларға бағытталған Қоғам қызметкерлерінің жолсапарлық шығындары қайтару лимиттері мен шарттарының тәртіптерін анықтау;

30) Қоғамның бас директоры және Қоғам қызметкерлеріне қатысты жасалатын кез келген төлемдердің (соның ішінде ағымдық немесе бір реттік) лимиттері мен шарттарын, тәртібін анықтау;

31) Қоғам қызметкерлерінің сыйақысы (соның ішінде бонустарды төлеу) мен еңбекақы төлеу ережелерін бекіту;

32) Қоғамның демеушілік қолдау көрсетуі немесе ұйымның қайырымдылық шараларын жасауы туралы шешім қабылдау, егер көрсетілген іс-әрекеттер, яғни қызмет түрлері тиісті күнтізбелік жылға жоспарланған ұйым бюджетінде қарастырылмаған болса;

33) Қоғамның, оның филиалдары мен өкілдіктерінің Қоғамның Бас директоры енгізген ұсыныстары негізінде штат саны мен штаттық кестесін бекіту;

34) Қоғамның, оның филиалдары мен өкілдіктерінің әкімшілік құрылымын бекіту;

35) Қоғам қызметін басқару мақсатымен бас директор қабылдаған Қоғамның ішкі құжаттарының тізімін бекіту;

36) жер қойнауын пайдалануға арналған құжаттарды қабылдау, жіберу құқықтары туралы шешімдерді қабылдау, жер қойнауын пайдалануға арналған Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдерінің немесе

заңнамалық актілерінің өзгетулерге ұшырауымен байланысты қосымша контрактілер және (немесе) өзгертулерді енгізу, реквизиттер мен басқа да редакциялау сипатындағы өзгерістерді енгізу;

37) Заңда және (немесе) Қоғамның Жарғысында қарастырылған, Жалғыз акционердің құзіреттілігіне кірмейтін басқа да мәселелер.

Аталған Жарғының 38 пункті мен Заңның 53 бабының 2 пунктінде бекітілген тізімдегі мәселелер Қоғамның бас директорының шешіміне беріле алмайды

39. Директорлар кеңесі аталған Жарғыға сай Қоғамның бас директорының құзіреттілігіне жататын мәселелердің шешімін шығаруға қатысуға құқығы жоқ, сондай-ақ Жалғыз акционердің шешіміне қайшы келетін шешім қабылдауға құқы жоқ;

40. Директорлар кеңесін сайлау тәртібін Заң бекітеді. Қоғамның директорлар кеңесі ең аз дегенде 3 (үш) директорлар кеңесінен (төрағаны қоса алғанда) тұруы керек, олардың әркайсысы дауыс бергенде бір дауысқа ғана ие бола алады. Қоғамның директорлар кеңесі құрамының отыз пайызынан аз емес құрамынан тәуелсіз директорлар бола алады. Директорлар кеңесі құрамына тағайындалған тұлғалар, егер бұл Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған болса, шексіз рет қайталанып сайлана алады. Директорлар кеңесінің төрағасын Жалғыз акционер сайлайды. Директорлар кеңесі өз бетінше директорлар кеңесінің төрағасын қайтадан сайлауға құқы жоқ.

41. Директорлар кеңесі мүшелері мен «алтын акция» иесін директорлар кеңесі отырысының болатындығы туралы хабардар ету жазбаша түрде немесе электронды түрде отырыс өткізілетін уақыттан ең аз дегенде үш күнтізбелік күн бұрын жүзеге асырылуы керек және аталған хабарламада директорлар кеңесінің отырысы өтетін мерзімі, орны, күн тәртібінде қарастырылатын мәселелер қосымшасымен бірге, сондай-ақ отырысқа қажетті отырыс мәселелеріне қатысы бар материалдар да қоса берілуі керек. Директорлар кеңесі отырысын өткізу үшін кворум ең аз дегенде директорлар кеңесі мүшелерінің жартысы болуы керек, егер сайланған директорлар кеңесі мүшелерінің саны (төрағаны қоса алғанда) 6 адам болса, онда директорлар кеңесі отырысын өткізу үшін кворум ең кем дегенде 4 адам (Қоғамның директорлар кеңесі мүшелерінен Жалғыз акционердің ұсынысы бойынша екі адам, соған сай Жалғыз акционер қатысушыларынан екі адамның бірі) болуы керек.

Директорлар кеңесінің хатшысы Директорлар кеңесінің отырысы барысында сайланады.

Келесі бетке қара
Смотри на обороте

ТҮПНҰСҚА
ОРИГИНАЛ

Директорлар кеңесінің шешімі, егер басқа жағдай Заңда немесе аталған Жарғыда қарастырылмаған болса, отырысқа қатысқан директорлар кеңесі мүшелерінің басымдық берген дауыстарына сай қабылданады.

Директорлар кеңесі жабық формада отырыс өткізу туралы шешім қабылдауға құқылы, оған тек директорлар кеңесінің мүшелері ғана қатыса алады.

Директорлар кеңесі мүшелерінің келісімі жағдайында, отырысқа қатысушылар, директорлар кеңесі мүшелерінің кез келгені телефонды конференция-байланыс арқылы немесе коммуникацияның осыған ұқсас басқа да түрлері арқылы директорлар кеңесі мүшелерінің бір-бірін тыңдай алатын жағдайындағы кез келген отырысына қатысуына құқылы;

Осындай телефонды конференция-байланыс арқылы немесе коммуникацияның осыған ұқсас басқа да түрлері арқылы директорлар кеңесі мүшелерінің отырысқа қатысуы мен дауыс беруі өзі қатысып отырған директорлар кеңесі мүшелерінің дауыс беруі мен қатысуымен бірдей құқыққа ие бола алады. Отырысқа жиналу тәртібі, дайындығы мен өткізуге қатысты басқа да мәселелер директорлар кеңесі арқылы Заңмен реттеледі.

42. Директорлар кеңесінің шешімі тікелей жасырын дауыс беру немесе аралас формада, яғни директорлар кеңесі қарауына берілген сұрақтарға жауап беру арқылы қабылдана алады.

Жасырын дауыс беру директорлар кеңесінің жиналуын шақыртуға құқы бар тұлғалар бастамасымен жүзеге асырылады. Жасырын дауыс беру талаптары туралы директорлар кеңесінің төрағасына (жасырын дауыс беруге қарсылық танытқан жағдайда – бас директорға) жазбаша формада ұсынылуы керек және дауыс беруге құрылған сұрақтар анық, әрі нақты мағынада болуы тиіс.

Директорлар кеңесі отырысының аралас формада өтуі директорлар кеңесі мүшелерінің отырысқа қатыспаған жағдайында олардың пікірлерінің жазбаша түрде берілуі есебінен өтетіндігін білдіреді. Отырысқа қатыспаған директорлар кеңесі мүшелерінің жазбаша пікірлері қолда бар кворумды және күн тәртібі мәселелері бойынша дауыс беру нәтижелерін анықтау барысында назарға алынады.

13. Бас директор

43. Ағымдағы қызмет басшылығын Бас директор жүзеге асырады.

Бас директор Заңға, Қазақстан Республикасының басқа да заңнамалық актілеріне, басқа да мекемелер мен ұйымдардың лауазымды тұлғаларының құзіреттілігіне қарай аталған Жарғыға қатысты емес Қоғамның қызметі бойынша кез келген мәселелерге қатысты шешім қабылдауға құқылы.

Бас директор Жалғыз акционер мен Директорлар кеңесі шешімін орындауға міндетті.

44. Бас директор:

1) Жалғыз акционер мен директорлар кеңесі шешімдерінің орндалуын басқарады;

2) үшінші тұлғаларға қатысты ешбір сенімхатсыз Қоғам атынан жұмыс жасай алады;

3) үшінші тұлғаларға қатысты Қоғам атынан жұмыс жасауға құқық беретін сенімхат бере алады;

4) Қоғамға (Заңда көрсетілген жағдайдан басқа) қызметкерлерді қабылдау, орналастыру және жұмыстан шығаруды жүзеге асырады, оларға қатысты сый тағайындау мен тәртіптік ескертпелер беру, Қоғамның штаттық кестесіне сай еңбекақы мөлшеріне жекелеген үстеме қосу, Қоғам қызметкерлерінің, тек бас директор мен Қоғамның ішкі аудиты қызметінің құрамына кіретін жұмысшылардан басқалардың, сыйақы мөлшерін (директорлар кеңесі бекіткен ішкі құжаттарға сәйкес) анықтайды;

5) Қоғамның қызметін басқару мақсатында директорлар кеңесі шешімімен мақұлданған құжаттар тізімін бекітеді.

Келесі бетке қара
Смотри на обороте

ТҮПНҰСҚА
ОРИГИНАЛ

6) Қоғам жарғысы бекіткен және Директорлар кеңесі мен Жалғыз акционер шешімімен мақұлданған басқа да қызмет түрлерін атқарады;

45. Қоғамның Бас директорына тыйым салынады:

1) директорлар кеңесінің тиесілі рұқсаты жоқ жағдайда басқа да ұйымдармен қандай да бір мүліктік пайда табу (беру туралы келісімдер, кредиттер беру, қаржылық көмек көрсету, қайтарымсыз қолданыс үшін келісімдер жасау, сату-сатып алу шарттарын жасау т.б.) мақсатымен мәмілеге келу;

2) ұйым байланыс орнатқан үшінші тұлғалардан, Қоғамның тікелей өзінен немесе басқа да үшінші тұлғалардан кез келген мәміле үшін комиссиялық сыйақы алу;

3) ұйымға қатысты үшінші тұлғалардың қызығушылығы немесе тапсырмасы бойынша әрекет ету;

4) Қоғамның қызметіне бәсекелес болып келетін кәсіпкерлікпен айналысу;

14. Ішкі аудит қызметі

46. Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметін бақылауды жүзеге асыру үшін ішкі аудит қызметі жасақталуы мүмкін. Ішкі аудит қызметінің мүшелерінің саны, ол жасақталған жағдайда, директорлар Кеңесінің шешімімен анықталады. Ішкі аудит қызметінің қызметкерлері директорлар Кеңесінің құрамына немесе Қоғамның бас директорлығына сайлана алмайды. Ішкі аудит қызметі тікелей директорлар Кеңесіне бағынады және оның алдында өз жұмыстары туралы есеп береді.

15. Жалғыз акционер мен Қоғамның лауазымды тұлғаларының үлестес тұлғалар туралы ақпараттарды ұсыну тәртібі

47. Ұйым өз тіркеушісі немесе үлестес тұлғалардың өздері жайлы берген мәліметтерінің негізінде өзінің үлестес тұлғалары туралы есебін жүргізеді;

48. Жалғыз акционер мен Қоғамның лауазымды тұлғалары өздеріне және өздерінің үлестес тұлғаларына қатысты ақпараттарды анкеталар толтыру жолымен ұйымға үлестес болған күннен бастап жеті күнтізбелік күн аралығында ұсынады. Үлестес тұлғалардың типтік анкетасы Қоғамның Бас директорының бұйрығымен бекітіледі.

49. Жалғыз акционер мен Қоғамның лауазымды тұлғалары өздеріне және өздерінің үлестес тұлғаларына қатысты бұрын берілген ақпараттарына өзгертулер және (немесе) толықтырулар болған жағдайда жаңарған мәлімет енгізілген жаңа анкеталар толтыру жолымен ұйымға үлестес болған күннен бастап жеті күнтізбелік күн аралығында жалғыз акционер мен Қоғамның лауазымды тұлғалары өздеріне және өздерінің үлестес тұлғаларына қатысты ақпараттарды ұсынуға міндетті.

50. Қоғам құзыретті мекемелерге олар орнатқан тәртіпте өз үлестес тұлғаларының тізімін ұсынуға міндетті.

16. Ұйым ақпаратын жариялау

51. Қоғам Жалғыз акционердің және инвесторлардың назарына Қоғамның ұжымдық оқиғалары, құрамы, тәртібі мен мерзімі туралы Заңда қарастырылған ақпараттарын ұсынады.

52. Бұқаралық ақпарат құралдарын Қоғам мен оның Жалғыз акционері өз хабарламаларын және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сай жариялануы міндетті басқа да ақпараттарын жариялау үшін пайдаланады. Қоғам өз қызметі туралы Қоғамның интернет-ресурсында, Интернет желісінде және қаржылық есеп депозитариясының веб-сайтында заңнамаға сәйкес жариялайды.

Келесі бетке қара
Смотри на обороте

ТҮПНҰСҚА
ОРИГИНАЛ

53. Қоғамның Жалғыз акционерінің талабы бойынша оған Заңда қарастырылған құжаттардың көшірмесі берілуі міндетті.
54. Жалғыз акционер ақпараттарды алу үшін Қоғамның Бас директорына жазбаша түрде өтініш білдіреді. Аталған өтініш Қоғамның кіріс құжаттарын тіркеу журналына тіркелуі керек. Қоғам Жалғыз акционерге талабы бойынша ақпараттарды (талап етілген құжаттардың көшірмесін) Қоғамға осындай өтініш келіп түскен күннен бастап он күнтізбелік күн аралығында ұсынуы тиіс. Құжаттар көшірмесін ұсыну үшін төленетін ақы мөлшерін Қоғам бекітеді және ол құжаттар көшірмесін дайындауға кеткен және Жалғыз акционерге құжатты жеткізумен байланысты шыққан шығындар мөлшерінен аспауы керек.

55. Жалғыз акционерге ұсынылатын Қоғам туралы ақпараттарға, интернет-ресурстарға, Интернет желісіне және қаржылық есеп депозитариясының веб-сайтына және фонд биржасына орналастырумен байланысты туындаған басқа да мәселелер Заңмен реттеледі.

17. Қоғам жұмысын тоқтату және қайта құрылымдау

56. Қоғам Жалғыз акционердің шешімімен әйтпесе Қазақстан Республикасының заңында қарастырылған негіздерде өзінің жұмысын тоқтатады.
57. Қоғамды қайта құру және жұмысын тоқтату тәртіптері Қазақстан Республикасының нормативтік заңдарымен реттеледі.

18. Қорытынды ереже

58. Осы Жарғы негіздерінде реттелмейтін барлық қызметтерде Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамаларын басшылыққа алады.
59.Осы Жарғы қолданыстағы заңнаманға сәйкес мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін күшіне енеді.

Абайылданов Ж.К. [signature]
сенімхат негізінде

Келесі бетке қара
Смотри на обороте

ТҮПНҰСҚА
ОРИГИНАЛ

Утверждено решением
единственного акционера
Акционерного общества
«Каспий нефть»
от «15» ноября 2012 г.

УСТАВ
АКЦИОНЕРНОГО ОБЩЕСТВА
«Каспий нефть»

Келесі бетке қара
Смотри на обороте

ТҮПНҰСҚА
ОРИГИНАЛ

1. Общие положения

1. Настоящий Устав акционерного общества «Каспий нефть» (далее – «Общество») определяет его наименование, местонахождение, порядок формирования и компетенцию его органов, условия реорганизации и прекращения его деятельности и другие положения, не противоречащие законодательству Республики Казахстан.

2. Полное наименование Общества:

1) на государственном языке «Каспий нефть» акционерлік қоғамы;

2) на русском языке - акционерное общество «Каспий нефть»;

3) на английском языке – «Caspiy neft» Joint Stock Company.

3. Сокращенное наименование Общества:

1) на государственном языке – «Каспий нефть» АҚ;

2) на русском языке - АО «Каспий нефть»;

3) на английском языке - «Caspiy neft» JSC.

4. Местонахождение исполнительного органа Общества - Республика Казахстан, Атырауская область, 060011, г. Атырау, ул. Кулманова, д. 131 А.

2. Юридический статус Общества

5. Общество является юридическим лицом в соответствии с законодательством Республики Казахстан, имеет самостоятельный баланс, банковские счета, может от своего имени приобретать и осуществлять имущественные и личные неимущественные права, нести обязанности, быть истцом и ответчиком в суде.

6. Общество имеет печать, бланки со своим наименованием и иные реквизиты, необходимые для осуществления его деятельности.

7. Общество в своей деятельности руководствуется Конституцией, Гражданским кодексом, Законом Республики Казахстан «Об акционерных Обществах» (далее - Закон), иными нормативными правовыми актами Республики Казахстан, а также настоящим Уставом.

8. Общество вправе в порядке, установленном законодательством Республики Казахстан, участвовать в уставных капиталах юридических лиц.

9. В порядке, предусмотренном законодательными актами Республики Казахстан, общество вправе создавать филиалы (представительства), расположенные вне места нахождения, не являющиеся юридическими лицами и действующие от имени и по поручению Общества на основании Положения о них, утверждаемого решением Совета Директоров.

10. Руководители филиалов и представительств Общества назначаются и освобождаются от должности решениями Совета Директоров.

3. Ответственность Общества и единственного акционера

11. Общество несет ответственность по своим обязательствам в пределах своего имущества.

12. Общество не несет ответственность по обязательствам своего единственного акционера. Единственный акционер не отвечает по обязательствам Общества и несет риск убытков, связанных с деятельностью Общества, в пределах стоимости принадлежащих ему акций, за исключением случаев, предусмотренных законодательными актами Республики Казахстан.

Келесі бетке қара
Смотри на обороте

ТҮПНҰСҚА
ОРИГИНАЛ

4. Основные виды деятельности Общества

13. Основными видами деятельности Общества являются:

